

**Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептер мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтердің, педагогикалық колледждердің, ЖОО-ның студенттерінің арасында «Жаңа жылдық букет» тақырыбында сырттай Республикалық байқау өткізу ережелері**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептер мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтердің, педагогикалық колледждердің, ЖОО-ның студенттерінің арасында сырттай өтетін «Жаңа жылдық букет» тақырыбында Республикалық байқаудың (бұдан әрі – Байқау) мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – балалардың жаңа жылдық іс-шараларын өткізу және үздік ұйым тәжірибесін анықтау және оны тарату.

Міндеттері:

балалар аудиториясымен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуде заманауи талаптарға жауап беретін жаңа шығармашылық әдістер мен тәсілдерді іздестіру;

шығармашылық байланыстарды нығайтуға, репертуардың кеңеюіне, театрлық қойылымдардың және ойын бағдарламаларының көркемдік деңгейін арттыруға ықпал ету;

жаңа жылдық мейрам мәдениетінің аясында балалардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

## **2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі**

5. Байқау 2014 жылғы 10 желтоқсан - 2015 жылғы 23 қаңтар аралығында балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Байқауға ұсынылған материалдар байқаудың мақсатына, тақырыбы мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

7. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2015 жылғы 23 қаңтарға дейін [spo.rumcdo@mail.ru](mailto:spo.rumcdo@mail.ru) электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8-701-189-66-56, 8-747-121-04-86  
Салбенбекова Салтанат Даулетханқызы.

8. 2015 жылғы 23 қаңтардан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды, оларға рецензия берілмейді.

10. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастыру комитеті жауапты емес.

11. Байқаудың ұйымдастырушылары автордың - қатысушының атын көрсете отырып, жұмысты баспасөзде, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

**12. Байқауға қатысу үшін - 2 000 (екі мың) теңге төлемақы төленеді.**

Төлемақы былай жүргізіледі: Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

Иик KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

**Төлемақы аталуы:** «Жаңа жылдық букет» байқауы. Байқау қатысушысының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын сканерден өткізіп, [spo.rumcdo@mail.ru](mailto:spo.rumcdo@mail.ru) электрондық поштаға жіберу қажет.

13. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау мерзімі - **2015 жылғы 30 қаңтар.**

### **3. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар**

14. Байқауға Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ педагогикалық колледждердің, ЖОО-ның үздік педагогикалық жасақтары қатысады.

15. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- балабақша тәрбиеленушілеріне арналған жаңа жылдық ертеңгіліктің сценарийі;

- бастауыш мектеп білім алушыларына арналған театрлық қойылымның сценарийі;

- негізгі мектептің білім алушыларына арналған жаңа жылдық шоу-бағдарламаның сценарийі;

- жоғарғы сынып білім алушыларына арналған жаңа жылдық бал-маскарадтың сценарийі.

16. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады:

1. **Титул парағында** келесі мәліметтерді көрсету қажет:

- білім беру ұйымы, аудан (қала/ауыл), облысы;

- номинацияның аталуы;

- сценарий аталуы;

- бағдарламаның жас ерекшелігі;

- авторы немесе құрастырушы (Т.А.Ж. толығымен, лауазымы).

**2. Түсініктеме хат:**

- іс-шараның мақсаты, міндеттері;
- өткізу орны, аудиториясы;
- реквизиттері;
- қатысушылар.

**3. Сценарийді дайындағанда қолданылған әдебиеттер тізімі.**

**5. Қосымша:**

- костюмдердің эскиздері, суреттері және т.б.

**17. Жалпы талаптар:**

балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайттағы педагогикалық жасақтарға арналған «Жұлдыз» клубының қауымдастығына («**ВКонтакте**» әлеуметтік желі арқылы) тіркелу қажет;

басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда: қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністерінің суреттері, адамның немесе бір топ адамдардың кез келген түрде қадір-қасиетін кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

**Ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.**

**18. Бағалау өлшемдері:**

*байқау тақырыбына сценарий мазмұнының сәйкестігі;*

*сценарий мазмұнының балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;*

*сценарийдің композициялық құрылымы;*

*мазмұн мен түрдің бірізділігі;*

*сценарийдің идеясына көркем құралдарының сәйкестігі;*

*өзектілігі мен жаңашылдығы.*

**4. Байқаудың қорытындысын шығару  
және жеңімпаздарын марапаттау**

19. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

20. Байқауда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.